



010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 4,
тел.: +7(7172) 74 72 54, 74 72 55,
тел/факс: +7(7172) 24 29 08,
E-mail: hat_senat@parlam.kz

010000, город Нур-Султан, проспект Мәңгілік Ел, 4,
тел.: +7(7172) 74 72 54, 74 72 55,
тел/факс: +7(7172) 24 29 08,
E-mail: hat_senat@parlam.kz

20 ____ жылғы _____

от _____ 20 ____ года

№ _____

**Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау министрі
Е.А. БИРТАНОВҚА**

Құрметті Елжан Амантайұлы!

Біздің осы депутаттық сауалымызға себеп болған ағымдағы жылғы тамыз айында іс-сапармен Шығыс Қазақстан облысыныңда болған кезде «Өскемен қаласындағы 200 төсектік қалалық балалар ауруханасының құрылысын» аяқтау проблемасы бойынша мәслихат депутаттары мен қала әкімдігінің өтініштері және облыс әкімдігінің Үкіметке жолдаған хаттары.

Өзіңізге мәлім, Шығыс Қазақстан облысының денсаулық сақтау жүйесінде соңғы жылдары Қазақстан Республикасының «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасы және жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын ШҚО денсаулық сақтау жүйесінің тиімділігін арттыру бағдарламасының іс-шараларын іске асыру нәтижесінде сапалы өзгерістер орын алған. Тек 2016-2018 жылдары саланың материалдық-техникалық жарақтандырылуына 18,8 млрд. теңге бағытталып, уақыт талабына сай медициналық көмек көрсету стандарттарына сәйкес жоғары технологиялық медицина орталықтарын құруға қол жеткізілген.

Іс-сапар барысында балалар және босандыру, кардиология, онкология, урология, травматология ұйымдарына сатып алынған жабдықтардың, сапалы медициналық қызметтің нәтижесі туралы облыс тұрғындарының оң бағасының куәсі болдық. Бұл, әрине, қуантарлық жәйт. Дегенмен, бүгінгі сауалда көтеріліп отырған мәселеге тоқталсақ, жоғарыда айтылғандай, Өскемен қаласында республикалық және жергілікті бюджеттер есебінен облыстық деңгейдегі көпбейіндік медициналық ұйым «Ана мен бала

орталығындағы» педиатрия блогы ғимаратының орнына 200 төсектік қалалық балалар ауруханасының құрылысы аяқталуда.

Қала басшылығы мен мамандардың деректеріне сүйенсек, мердігер ұйыммен жасалынған шартқа сәйкес құрылыс құны 13 431,1 млн. теңгені құрайды.

2017-2018 жылдары объект құрылысына 5 млрд. 443,4 млн. теңге бөлініп, игерілген. Оның 1 млрд 250 млн. теңге (жоба құнынан 9,36%) республикалық бюджеттен, 4 млрд 193,4 млн. теңге (жоба құнынан 31,3%) жергілікті бюджеттен.

Ағымдағы жылға 4 млрд 519 млн теңге қарастырылған, республикалық бюджеттен 4 млрд 67 млн теңге, жергілікті бюджеттен 451, 9 млн теңге.

Бүгінге 2019 жылға бөлінген қаржы толықтай игерілген, құрылыс-монтаждық жұмыстар аяқталған, мердігер ұйым аурухананы жыл аяғына дейін қолданысқа беруге дайын.

Бұған аурухананы жабдықпен жарактандыруға арналған қаражаттың жетіспеуі кедергі болуда.

Құрылысы аяқталып тұрған ғимараттың күз-қыс маусымында, сондай-ақ технологиялық жабдықтар, коммуникациялық жүйенің тұрып қалуы сияқты теріс жағдайларға жол берілмеуі дұрыс деп санаймыз.

Сіздің назарыңызды облыс тұрғындарының балаларына жоғары сапалы мамандандырылған медициналық көмектің қолжетімділігін арттыру үшін жағдай жасау мақсатында және бұл жобаның әлеуметтік маңызын, облыс әкімдігінің белсенді іс-қимылын ескере отырып, Сізден «Өскемен қаласындағы 200 төсектік қалалық балалар ауруханасының құрылысын» толық аяқтауға алдымыздағы республикалық бюджетті нақтылауда 3 млрд 920 млн. теңге бөлінуін шешуіңізді сұраймыз.

«Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық Заңының 27 - бабына сәйкес, депутаттық сауалды қарау нәтежиелері туралы заңда белгіленген мерзімде жазбаша жауап беруіңізді сұраймыз.

Құрметпен,

Д. МУСИН

С. ПЛОТНИКОВ

Келісу шешімдері

27.09.2019 11:53:25: Мусин Д. М.(Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитеті) - - ескертпелерсіз келісілген

27.09.2019 11:56:58: Токсаба А. .(Жалпы бөлімі) - - ескертпелерсіз келісілген

27.09.2019 12:37:44: Агиса Б. А.(Жалпы бөлімі) - - ескертпелерсіз келісілген

27.09.2019 14:18:27: Плотников С. В.(Қаржы және бюджет комитеті) - - ескертпелерсіз келісілген

27.09.2019 14:19:25: Раймбеков К. У.(Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитетімен өзара байланыс жасау бөлімі) - - ескертпелерсіз келісілген

27.09.2019 15:29:47: Уртембаев А. К.(Сенат Аппаратының Басшылығы) - - ескертпелерсіз келісілген

30.09.2019 09:21:03: Уакпаев М. С.(Сенат Аппаратының Басшылығы) - - ескертпелерсіз келісілген

Қол қою шешімі

30.09.2019 09:58:42 Сыдыков С. С.. Қол қойылды